

**РОӘК ОӘБ шешімімен бекітілген
2026 жылғы 30 маусымдағы №9 хаттама**

**«Астана медицина университеті» КеАҚ базасындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің
Денсаулық сақтау кадрларды даярлау бағыты бойынша
Оқу-әдістемелік бірлестігінің
2025-2026 оқу жылының
ЕСЕБІ**

**«Астана медицина университеті» КеАҚ базасындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің
Денсаулық сақтау кадрларды даярлау бағыты бойынша
Оқу-әдістемелік бірлестігінің
2025-2026 оқу жылының
ЕСЕБІ**

Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Денсаулық сақтау даярлық бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі (ары қарай РОӘК ОӘБ) Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 400 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау саласындағы оқу-әдістемелік бірлестіктерді құру және олардың қызметі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығымен АстМУ КеАҚ-қа берілді.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/b08/b082496829efebd14dc1c61002787dab.pdf>

ОӘБ қызметінің бағыттары:

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйесін жетілдіру мақсатында жоғары оқу орындарының, жұмыс берушілер бірлестіктері өкілдерінің және басқа да мүдделі органдардың өзара іс-қимылы.

РОӘК ОӘБ - мүдделі тараптардың - жоғары оқу орындарының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің (бұдан әрі - ҚР ДСМ ҒАРД) тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымдарының және жұмыс берушілер қауымдастығының, тәуелсіз агенттіктердің өкілдерінің қатысуымен пікір алмасу алаңы болып табылады.

<https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/plany-rabot-otchety-sostav-umo-po-napravleniyu-zdravookhranenie-/>

РОӘК ОӘБ-тің негізгі құрамы 66 мүшеден тұрады, оның ішінде 8 медициналық жоғары оқу орындарының және 7 көпсалалы университеттердің ректорлары мен проректорлары, 3 секция мен 9 ОӘБ ЖБТ төрағалары, 2 ғылыми орталықтардың, ғылыми-зерттеу институттарының, 2 аккредиттеу агенттіктерінің директорлары мен басшыларының орынбасарлары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті және Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының өкілдері кіреді.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/3da/3da2e74b7a377afcccba1885910ea9d3.pdf>

ОӘБ құрамына жұмысберушілердің өкілі ретінде «Астана қаласының қоғамдық денсаулық басқармасы» ММ басшысы, медицина ғылымдарының докторы, А.Ш. Рустемова кірді (04.09.2025 ж. № 42.10/4950, шақыру хаты және 11.09.2025 ж. №106-12-44/9006 жауап хаты қоса беріледі).

<https://www.salemoffice.kz/edm/external/outgoing?outgoingId=769585>

<https://www.salemoffice.kz/edm/external/incoming?id=775748>

Халықаралық сарапшы ретінде ОӘБ құрамына Абуали ибн Сино атындағы Тәжікстан мемлекеттік медицина университетінен «Стратегиялық даму және білім сапасы орталығының» директоры, Хайем Рузибой жұмысын жалғастырды (28.08.2025ж. №42.10/4836 шақыру хаты және 15.09.2025гж. №01/5647-3 жауап хаты қоса беріледі)
<https://salemoffice.kz/edm/external/outgoing?outgoingId=766148>

Сондай ақ, ОӘБ құрамына шетелдік серіктес, РОӘК ОӘБ негізгі мүшесі емес ретінде Привольжский ғылыми-зерттеу медициналық университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Богомоллова Е.С. қатысады (03.10.2025ж. №42.10/5632 шақыру хаты мен 05.11.2025ж. №4042 жауап хаты қоса беріледі).
<https://salemoffice.kz/edm/external/outgoing?outgoingId=792062>

2025 жылдың қыркүйек айынан бастап РОӘК ОӘБ жаңартылған құрылымында жұмыс істей бастады, ол 2025 жылдың 19 наурызында бекітілді. Білім беру процесінің мәселелерін сапалы мақсатты шешу үшін Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясын 2 бөлек секцияға - жоғары білім беру секциясы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясы болып бөлу арқылы өзгерістер енгізілді. Қосымша және бейресми білім беру секциясы бұрынғы форматта жұмыс істей береді.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/015/0158f8fffc257a5cae3a616901fc11e59.pdf>

РУМС ОӘБ-ның қолданыстағы құрылымы 3 секциядан тұрады:

- ЖБ секциясы - секция құрамына 51 мүше кіреді, төрағасы «Астана медицина университеті» КеАҚ академиялық жұмыс жөніндегі проректоры А.К. Досанова болып табылады.

- ЖООКББ секциясы - секция құрамына 39 мүше кіреді, төрағасы - «Семей медицина университеті» КеАҚ клиника және дипломнан кейінгі білім беру жөніндегі проректоры Думан Берікұлы.

- ҚЖБББ секциясы 51 мүшеден тұрады, төрағасы «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ академиялық жұмыс департаменті академиялық сапа бөлімінің сапа бойынша жетекші сарапшысы А. А. Сұлтанғазиева болып табылады.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/c6d/c6dbbf7134e365bb5bb0a15047a1ceac.pdf>

- 67 комитетті қамтитын бейіндік бағыттар бойынша 9 ЖБТ-дан:

- «Астана медицина университеті» КеАҚ негізіндегі хирургия профилі бағдарламаларының ЖБТ;

- «Қарағанды қаласының медициналық университеті» КеАҚ негізіндегі терапия профилі бағдарламаларының ЖБТ;

- «Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАҚ негізінде денсаулық сақтау мамандары мен басқа да денсаулық сақтау мамандарын оқыту бағдарламаларының ЖБТ;

- «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ жанындағы педиатрия профилі бағдарламаларының ЖБТ;

➤ «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ жанындағы онкология және радиациялық онкология, анестезиология және реаниматология бойынша ЖБТ;

➤ «Астана медицина университеті» КеАҚ негізіндегі стоматологиялық бағдарламалар ЖБТ;

➤ «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ жанындағы Денсаулық сақтау саласы бойынша мейірбике ісі мамандарын даярлау бағдарламаларының ЖБТ;

➤ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша ЖБТ;

➤ «Семей медицина университеті» КеАҚ жанындағы жедел жәрдем, ядролық медицина, травматология және ортопедия бағдарламаларының ЖБТ.

Ағымдағы оқу жылында профильдердің негізгі бағыттары бойынша 9 ЖБТ-дан 3 ЖБТ-ның базалары және 2 ЖБТ төрағалары да жаңартылды: Қоғамдық денсаулық және өзге де денсаулық сақтау мамандары - «Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ базасына (2024 жыл - МУА КеАҚ базасында) және стоматологиялық бағдарламалар ЖБТ «Астана медицина университеті» КеАҚ базасына (2024 жыл - ҚазҰМУ) ауыстырылды. Сондай-ақ, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ базасында терапевтік бейіндегі бағдарламалар ЖБТ-да төраға ауыстырылды.

Комитеттердің құрамы Денсаулық сақтау бағыты бойынша өз қызметін жүзеге асыратын түрлі жоғары оқу орындарының ОПК-нан, сондай-ақ ҒЗИ, ҰО, жұмыс берушінің, тәуелсіз қауымдастықтардың өкілдерінен құралған.

Профильдердің негізгі бағыттары бойынша ЖБТ құрамына кіретін 67 комитеттің құрамына жұмыс берушіден 32 өкіл кірді: Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК; «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ; «Облыстық стоматологиялық емхана» ШЖҚ КМК (Петропавл қ.); ҚР ПІБ МО ауруханасы; «Volobuyeva clinic» стоматологиялық клиникасы, Алматы қ.; «Стоматология оқу-клиникалық орталығы» ЖШС, Астана қ.; Vita Dental Clinic; «Көпсалалы медициналық орталық» ШЖҚ КМК; ШЖҚ РМК Ақтөбе қ. Облыстық балалар стоматологиялық емханасы; «Лидер Стом» ЖШС, Астана қ.; «№1 қалалық емхана» ШЖҚ РМК, Ақтөбе қ.; «Победа» ММ, Семей қ.; Қарағанды қ. «Облыстық клиникалық аурухана» ШЖҚ КМК; Фармацевтикалық қызметті қолдау және дамыту қауымдастығы; «Даму» медицина және фармацевтикалық ұйымдары қауымдастықтары.

ЖБТ және комитеттер құрамында барлығы - 921 (2024 жылы - 859) мүше, оның ішінде ғылыми дәрежелі - 652 (2024 жылы-569) мүше, бұл 70,8% (2024 жылы -66%) сәйкес келеді. Барлық құрам мен құрылым 2025 жылғы 18 қыркүйектегі РОӘК ОӘБ-нің 1-ші отырысында хаттамалық шешіммен бекітілді және тізімдер «АстМУ» КеАҚ сайтында ОӘБ қойындысында орналастырылды.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/0d5/0d596482292f8b8fdf743739eeaa8cc0.pdf>

Жалпы, «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ құрамы 2025-2026 оқу жылында 2024-2025 жылмен салыстырғанда 30% - ға жаңартылды.

9 отырыс өткізілді, оның ішінде негізгі құрам мүшелері, ЖБТ мүшелері, стейкхолдерлер, шетелдік серіктестер және барлық мүдделі тараптардың қатысуымен ОӘБ РОӘК-тің кеңейтілген отырысы өткізілді.

ОӘБ отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді, онда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ қосымша бейресми білім берудің өзекті мәселелері қарастырылды:

- «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» мамандықтары бойынша 3 курс студенттерінің базалық пәндері бойынша білімдерін тәуелсіз бағалау нәтижелері, мәселелері, шешу жолдары;

- Денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының түлектерін тәуелсіз бағалау нәтижелері;

- IFOM (International foundations of Medicine) халықаралық емтиханына сәйкес «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Медициналық-профилактикалық іс» интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау;

- кәсіби стандарттар мен салалық біліктілік шеңберіне сәйкес білім беру бағдарламаларын, оқыту нәтижелерін және бейіндік интернатураның құзыреттерін талқылау және бекіту;

- білім беру бағдарламалары түлектерінің, интернатура және резидентура түлектерінің тәуелсіз емтиханы өтті;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медициналық кадрларды даярлаудың жаңа моделін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) талқылау;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медициналық кадрларды даярлаудың жаңа моделін іске асыруға байланысты нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді талқылау, әзірлеу және бекіту;

- ЖТД және медициналық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық құзыреттері бойынша біліктілікті арттыру жылының қорытындылары;

- «Назарбаев Университеті» мен «АстМУ» КеАҚ және «СМУ» КеАҚ арасындағы өзара іс-қимыл аясында ҚР дәрігерлерін даярлау білім беру бағдарламаларына кандидаттарды іріктеу жөніндегі пилоттық жобаның орындалу барысы туралы;

- 2022, 2023, 2024 және 2025 жылдары жоғары медициналық білім беру бағдарламаларына қабылданған студенттерге арналған оқытудың өтпелі жоспарын талқылау және қарастыру;

- Магистратураның икемді модельдерін (1 және 2 жылдық бағдарламалар, модульдік жүйе, project-based learning) және «concentration tracks» (магистратура бағдарламасы ішіндегі мамандану тректері) енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- және басқа да мәселелер.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап ОӘБ отырыстарында денсаулық сақтау бағыты бойынша ОӘБ белгісімен 17 оқу басылымы, сертификаттау курстарының 16 білім беру бағдарламасы және Қазақстандағы ЮНФПА елдік кеңсесінің біліктілігін арттырудың 1 білім беру бағдарламасы бекітілді. ОӘБ отырыстарының қабылданған шешімдері бойынша ОӘБ негізгі құрамы арасында Pollie қосымшасы арқылы ашық онлайн дауыс беру өткізілді, сондай-ақ тіркеу процесі QR-код арқылы онлайн өтеді. ОӘБ отырыстарының мәселелері бойынша барлық материалдар алдын ала танысу үшін сайтта орналастырылады, хаттама отырысынан кейін «АстМУ» КеАҚ сайтында қолжетімді болады.

<https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/protokoly-zasedaniy-umo/>

<https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/materialy-zasedaniy-umo/>

ОӘБ қызметі ОӘБ ТЖК-нің 2025 - 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Аталған жоспар ОӘБ төрағасымен бекітілген және «АстМУ» КеАҚ сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылған (2025 жылғы 18 қыркүйектегі №1 хаттама).

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/546/546cc5cb2771c7bc8fbb2de119c937b1.pdf>

Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт бойынша жұмыс жүргізілді, мынадай құжаттар әзірленіп, өзектендірілді:

➤ ПСП-МУА-1.5-25 РОӘК ОӘБ жұмысын үйлестіретін оқу-әдістемелік бөлім туралы ереже («АстМУ» КеАҚ 2025 жылғы 28 сәуірдегі құрылымының өзгеруіне байланысты) «АстМУ» КеАҚ басқармасында 2025 жылғы 05 қыркүйектегі №672 н/қ бекітілді;

➤ «ПЛ-МУА-12-01-25 Денсаулық сақтау кадрларын даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің сараптамалық кеңесі туралы ереже, «АстМУ» КеАҚ басқармасында 2025 жылғы 16 қазандағы №23 хаттамамен бекітілген;

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/2f9/2f9eace6b13d1e50049168a6fffe97e7.pdf>

➤ «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже» ПЛ-МУА-12-02-26, «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша ОӘБ РОӘК шешімімен бекітілген (2026 жылғы 25 ақпандағы №6 хаттама).

➤ Денсаулық сақтау бағыты бойынша ОӘБ грифін беру үшін оқу басылымдарының 2026 жылға арналған тақырыптық жоспары (оқулық, оқу

құралы, Оқу - әдістемелік құрал, әдістемелік ұсынымдар және т. б.) ОӘБ отырысында 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №4 хаттамамен бекітілген;

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/a18/a18070823f6aa4dbe4ee46b9e8b21308.pdf>

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/76e/76eb3e546166a6a403e970ad07399b6d.pdf>

➤ Денсаулық сақтау бағыты бойынша жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру сапасын жетілдіру мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу жөніндегі 2026 жылға арналған тақырыптық жоспар ОӘБ отырысында 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №4 хаттамамен бекітілген;

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/683/6835a811c9e08fb0d9b57b23167fc18f.pdf>

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/76e/76eb3e546166a6a403e970ad07399b6d.pdf>

➤ ОӘБ басшысы мен мамандарының лауазымдық нұсқаулықтары («АстМУ» КеАҚ құрылымының 2025 жылғы 28 сәуірдегі өзгеруіне байланысты), 2025 жылғы 5 қыркүйектегі № 672-н/қ бұйрығымен бекітілген.

2) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін жетілдіру бойынша ұсынымдарды дайындау.

Есепті кезеңде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу аясында «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ РОӘК бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізді:

➤ **Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21856 болып тіркелді. («ҚР ДСМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР ДСМ 21.08.2025 ж. № 82 бұйрығы, «ҚР ДСМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР ДСМ 30.06.2026 ж. № 70 бұйрығы).

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036675#z148>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021856/history>

<https://zan.gov.kz/client/#!/doc/227322/rus>

➤ **Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 желтоқсанда № 21763 болып тіркелді. (ҚР ДСМ 2020 жылғы 11

желтоқсандағы №ҚР ДСМ-249/2020 «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» № 86 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы).

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036736#z10>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021763/history>

➤ **Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 Қарашада № 21699 болып тіркелді. («ҚР ДСМ 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-218/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» 30.09.2025 ж. № 101 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы, «ҚР ДСМ 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-218/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» 24.06.2026 ж. № 68 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы).

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25RR000101#z6>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021699/history>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/G26RR000068>

➤ **Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, медициналық кадрларды оқуға қабылдау және даярлау қағидаларын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығы (ҚР ДСМ 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-270/2020 Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, медициналық кадрларды оқуға қабылдау және даярлау қағидаларын бекіту туралы бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 28.08.2025 ж. ҚР ДСМ № 85 бұйрығы).

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036766#z7>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021802/history>

➤ **Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 11 қаңтарда № 31672 болып тіркелді. («Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ДСМ 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР ДСМ 30.09.2025 Ж. №100 бұйрығы).

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036979#z7>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031672/history>

➤ Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникалық базасы, клиникасы, университет ауруханасы, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21848 болып тіркелді. «ҚР ДСМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР ДСМ 16.07.2025 ж. № 66 бұйрығы).

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036465#z46>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021848/history>

Сондай-ақ, «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ РОӘК ұсынымдарды әзірлеуге, жаңа бұйрықтарды талқылауға және дайындауға қатысты:

➤ «Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған мамандарды жұмысқа жіберу тәртібі, бюджет қаражатын өтеу шарттары, дербес жұмысқа орналасу құқығын беру, сондай-ақ өтеу міндетінен босату, кейінге қалдыру немесе тоқтату негіздері». Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 17-6) тармақшасына сәйкес және денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлауды қабылдау мен қаржыландыруды ұйымдастыруға бірыңғай талаптарды енгізу мақсатында жаңадан әзірленген нормативтік-құқықтық акт Денсаулық сақтау министрінің «Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған мамандарды жұмысқа жіберу тәртібін, бюджет қаражатын өтеу шарттарын, дербес жұмысқа орналасу құқығын беруді, сондай-ақ өтеу міндетінен босату, кейінге қалдыру немесе тоқтату негіздерін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілетін болады.

➤ «Тиісті бюджет қаражаты есебінен және ақылы негізде білім алушыларды қабылдау және олардың санын қалыптастыру қағидалары». Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 17-6) тармақшасына сәйкес және денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлауды қабылдау мен қаржыландыруды ұйымдастыруға бірыңғай талаптарды енгізу мақсатында жаңадан әзірленген нормативтік-құқықтық акт Денсаулық сақтау министрінің «Тиісті бюджет қаражаты есебінен және ақылы негізде білім алушыларды қабылдау және олардың санын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілетін болады.

Есептік 2025-2026 оқу жылында ОӘБ, ЖБТ, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім секцияларының мүшелері ұсынымдар әзірлеуге, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талқылауға және дайындауға қатысты, олар ҚР ДСМ ШЖҚД-ға бекіту үшін келесі бұйрықтар берілді:

➤ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігінде 2018 жылғы 12 қазанда №17534 болып тіркелген. **Медициналық кадрларды интернатурада даярлау қағидаларын бекіту туралы.**

➤ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 шілдеде №28716 болып тіркелген. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы.

➤ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17650 болып тіркелген. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы.

2026 жылғы 19, 22 қаңтар және 11, 12 ақпан күндері Жоғары білім және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секцияларының отырыстарында ҚР ДСМ ҒЧРД-мен, сондай-ақ ҚазҰМУ мен МУА алаңдарындағы жұмыс топтарымен бірлесіп ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына 3-қосымша «Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР ДСМ-нің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына ұсынылған өзгерістерді енгізу мәселелері белсенді түрде талқыланды.

Қарау және талқылау нәтижелері бойынша «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламаларының құрылымына, сондай-ақ білім беру салалары мен деңгейлеріне сәйкес берілетін біліктіліктер мен дәрежелердің атауларына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды. Оқу жылында 70 кредиттік жүйеге көшу ұсынылды.

ЖБ секциясының №8 хаттамасы, 2026 жылғы 19 қаңтар
<https://amu.edu.kz/upload/iblock/d28/d28219bbc613bff7856c07a7f8e55b21.pdf>

ЖБ секциясының №9 хаттамасы, 2026 жылғы 22 қаңтар
<https://amu.edu.kz/upload/iblock/aa2/aa2b786048e5aa5065628c907fe2df03.pdf>

ЖБ секциясының №10 хаттамасы, 2026 жылғы 11 ақпан
<https://amu.edu.kz/upload/iblock/cfb/cfb1ab4594c5a90b64dbc24c4e4b1352.pdf>

ЖООКББ секциясының №4 хаттамасы, 2026 жылғы 12 ақпан
<https://amu.edu.kz/upload/iblock/19f/19f6e293d2721c7ea362ea790bc57c30.PDF>

ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына 3-қосымша «Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР ДСМ-нің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына ұсынылған өзгерістерге байланысты 2026 жылғы 18 наурыздағы ОӘБ РОӘК-тің №7 отырысында 2022, 2023, 2024 және 2025 жылдары жоғары медициналық білім беру бағдарламаларына қабылданған студенттерге арналған оқытудың өтпелі жоспары талқыланды.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/e74/e747424206d9619aeb6c09dfda854444.pdf>

Талқылау нәтижелері бойынша 2022, 2023, 2024 және 2025 жылдары жоғары медициналық білім беру бағдарламаларына қабылданған студенттерге арналған оқытудың өтпелі жоспарының жобасы әзірленіп, ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаментіне жолданды (20.03.2026 ж. №42.10/1416).

<https://www.salemoffice.kz/edm/external/outgoing?outgoingId=901838>

ОӘБ РОӘК комитеттерінің, ЖБТ және секциялар мүшелері бакалавриат пен интернатура, магистратура және резидентура бойынша медициналық және фармацевтикалық мамандықтардың үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізілді.

Жұмыс тобы мүшелері 2026–2027 оқу жылына арналған жалғастырушы контингент пен жаңа қабылдау үшін «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Фармация», «Мейіргер ісі» және «Медициналық-профилактикалық іс» мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын әзірлеуде (ҚР ДСМ-нің 2026 жылғы 23.04. №205 бұйрығы, қосымшаларымен бірге қоса беріледі).

3) Салалық мемлекеттік стандарттармен бірге кәсіби стандарттарды әзірлеуге және жаңартуға қатысу.

«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ бастамасы бойынша денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі Салалық кеңесте кеңесті институционалдық нығайтуды қамтамасыз ететін құрылымдық өзгерістер бекітілді. Жұмыс төрт бағыт бойынша жүргізіледі: медицина, фармация, қоғамдық денсаулық және салааралық процестер. Әр бағыт шеңберінде салалық біліктілік шеңберінің құрылымына сәйкес келетін мамандандырылған секциялар мен бейіндік комитеттер құрылды.

Бейіндік комитеттер саланың жетекші сарапшыларын біріктіреді және кәсіби стандарттарды әзірлеуге және өзектендіруге, біліктіліктерді сипаттауға және мамандардың негізгі құзыреттерін анықтауға бағытталған. Негізгі мақсат - кәсіби дағдылардың денсаулық сақтаудың заманауи сын-тегеуріндеріне сәйкестігін қамтамасыз ету, кадрларды даярлау сапасын арттыру және біліктілікті танудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

Бейіндік комитеттерді құру жұмыс берушілер, білім беру ұйымдары және кәсіби қоғамдастық арасында тікелей диалог орнатуға мүмкіндік береді. Бұл саланың нақты сұраныстарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттерді қалыптастыру үшін стратегиялық маңызды.

Қабылданған модель еңбек ресурстарының сапасын қамтамасыз етудегі негізгі буындар ретінде салалық кеңестердің рөлін бекіте отырып, ұлттық біліктілік жүйесін дамытуға мамандардың функционалдық қатысуына ресми өкілдіктен ауысуға мүмкіндік береді. Салалық кеңестің жаңа құрамына медицина, фармация және қоғамдық денсаулық сақтау салаларының, сондай - ақ жетекші білім беру және ғылыми мекемелердің, кәсіптік қауымдастықтар мен жұмыс берушілер бірлестіктерінің өкілдері кірді. Бұл кең сараптамалық базаны

және сектораралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етті.

<https://career.enbek.kz/kk/news/215>

https://www.linkedin.com/posts/career-enbek-12b1a2360_%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D1%81%D0%B0%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%83-%D1%81%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-%D1%81%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%BA%D0%B5%D2%A3%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%96%D2%A3-activity-7320750317061447682-JvNb?utm_source=social_share_send&utm_medium=member_desktop_web&rcm=ACoAAFM6hDMBrGwr7PC3HWfi9Ox1qP0R_COPvQ

Денсаулық сақтау бағыты бойынша РУМС ОӘБ қатысуымен есепті кезеңде денсаулық сақтау саласындағы салалық біліктілік шеңбері бекітілді – 2025.
<https://career.enbek.kz/ru/pages/ork>

«Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 46 бұйрығына енгізілген денсаулық сақтау саласындағы 5 кәсіптік стандарт бекіту кезеңінде тұр:

➤ «Денсаулық сақтау менеджменті» КС, әзірлеушілер тобының төрағасы - денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Г.Ж.Қапанова;

➤ «Қоғамдық денсаулық сақтау» КС, әзірлеушілер тобы төрайымы - қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің төрағасы, Батыс Қазақстан медицина университетінің «Қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтау» кафедрасының меңгерушісі Л.С.Ермұханова;

➤ «Радиациялық онкология» КС, әзірлеушілер тобы төрайымы - ҚазОЖРҒЗИ Радиациялық онкология орталығының басшысы В.Б.Ким;

➤ «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» КС, әзірлеушілер тобының төрағасы – А.Г. Ибрагимова, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы Фармацевтикалық білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік бірлестігінің төрағасы;

➤ «Медициналық-профилактикалық іс» КС, әзірлеушілер тобы төрайымы - ҚМУ академиялық жұмыс жөніндегі проректор Ж.А.Даулеткалиева;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның 2026 жылғы 18 наурыздағы №1590 сұранысына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктері сыныптауышының сәйкестік кестелерін (өтпелі кілттерін), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының сыныптауышын және Ұлттық кәсіптер сыныптауышын өзектендіру жөніндегі жұмыс тобының құрамына «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, денсаулық сақтау саласындағы Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі

салалық кеңестің мүшесі Имашева Б.С. және «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ РОӘК мүшесі, денсаулық сақтау саласындағы Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің төрағасы Койков В.В. кірді (2026 жылғы 30 наурыздағы №42.10/1514 шығыс хат).
<https://www.salemoffice.kz/edm/external/outgoing?outgoingId=904292>

4) Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

2025 жылғы 08 қазанда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек ресурстарын дамыту орталығының алаңында Жоғары білім беруді дамытудың Ұлттық орталығының сұранысы бойынша «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде кәсіби стандарттарды пайдалануды бағалау/есептеу әдістемесін талқылауға қатысты. Әдістеме техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде білім беру бағдарламаларын жобалау және іске асыру кезінде кәсіптік стандарттарды есепке алу дәрежесін бағалау тәртібін айқындайды.

<https://zoom.us/j/3457940773?pwd=AGsypJnrrN0Q3UrlpETBNgh5Stvaia.1&omn=99>

Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру бойынша ЖБ, ЖООКББ, ҚЖБББ секцияларының және ЖБТ мүшелері маңызды ұсыныстар берді:

- Салалық біліктілік шеңберіне сәйкес «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына «медициналық (медициналық) патронаждық (патронаждық) мейіргер (аға)» лауазымы мен біліктілік сипаттамалары енгізілсін.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036675#z148>;

- СБШ-2025 Салалық біліктілік шеңберіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық қызметтер жіктеуішіге сәйкес «Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың сертификатталуына жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 және «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы» 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 46 бұйрықтарына «Дәрігер-остеопат» мамандығы енгізілсін.

<https://www.salemoffice.kz/edm/external/incoming/execution?id=738247&outgoingId=741431>

- ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 25 шілдедегі төрағалығымен өткен ҚР ДСМ аппараттық кеңесінің "Аддиктолог" жеке мамандығын бөлу туралы денсаулық сақтауда қолданылатын наркологиялық көмекті және есірткі, психотроптық және күшті әсер ететін заттарды бақылауды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі хаттамалық тапсырмасының 6-тармағын орындау үшін

<https://www.salemoffice.kz/edm/external/incoming/details?id=755712&outgoingId=757534>

- ҚР ДСМ Ғылым және адам ресурстары департаментінің 08.10.2025 жылғы №11-1-11/54298 тапсырмасы бойынша, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірінші вице-министрінің 23.09.2025 Ж. №01-4-04/5829 Қазақстан Республикасының Ұлттық қызметтер жіктеуішісіне және Салалық біліктілік шеңберіне денсаулық сақтау саласындағы мамандар кәсіпқойлар кіші тобына «Подолог» жаңа кәсібі мен біліктілігін енгізу туралы өтініші <https://www.salemoffice.kz/edm/external/incoming/execution?id=796587&outgoingId=797773>

- Кәсіби стандарттар мен салалық біліктілік шеңберіне сәйкес «Жалпы дәрігерлік практика», «Педиатрия» мамандықтары бойынша интернатура түлектерінің, сондай-ақ «Акушерия және гинекология», «Хирургия», «Терапия», «Жалпы дәрігерлік практика», «Педиатрия», «Балалар хирургиясы» мамандықтары бойынша бейіндік интернатура түлектерінің оқу нәтижелерін қалыптастыру жөніндегі ұсынымдар әзірленді.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/b13/b131e09fed7734c6ec19223e62234f38.pdf>

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/fff/fff27ebcd579bcbfaefa78515cf50034.pdf>

- Кәсіби стандарттар мен салалық біліктілік шеңберіне сәйкес резидентураның 49 мамандығы бойынша түлектердің оқу нәтижелерін қалыптастыру жөніндегі ұсынымдар әзірленді.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/b13/b131e09fed7734c6ec19223e62234f38.pdf>

5) Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, үздіксіз білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсынымдар дайындау.

ОӘБ қызметінің маңызды бағыттарының бірі денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторинг және қайта қарау болып табылады.

ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаментінің 20.09.2025 жылғы №11-1-11/11531-және тапсырмасы бойынша денсаулық сақтау жүйесінде және резидентурада медициналық кадрларды даярлау жүйесін реформалау (білім беру деңгейінен шығару) бойынша магистратураның жаңа мамандықтары мен білім беру бағдарламаларын құру мәселелерін пысықтау үшін академиялық қоғамдастық қатарынан жұмыс топтары құрылды.

<https://www.salemoffice.kz/edm/external/incoming/execution?id=782883&outgoingId=786193>

2025 жылдың қазан айында Назарбаев Университеті базасында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты А. К. Аймағамбетовтың төрағалығымен, ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Т.С.Сұлтанғазиевтің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің, «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ, ЖОО басшылары, денсаулық сақтау саласындағы ұйымдар басшылары, білім алушылар мен түлектер, резиденттердің қатысуымен медициналық білім беру, практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктері, еңбек нарығындағы сұраныс, медициналық мамандықтар түлектерін жұмысқа орналастыру және мансаптық өсу перспективалары мәселелері бойынша жұмыс кеңесі өтті.

<https://nu.edu.kz/ru/news/v-nu-obsudili-razvitie-meditsinskogo-obrazovaniya-v-kazakhstane>

2025 жылғы 1 қарашада ҚР Денсаулық сақтау министрінің төрағалығымен «Денсаулық сақтау» саласы бойынша РОӘК ОӘБ, ЖОО басшылары, денсаулық сақтау саласындағы ұйымдар басшыларының қатысуымен медициналық білім беруді жетілдіруге, еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, интеграцияланған білім беру бағдарламаларын дамытуға бағытталған ұсынымдар дайындау бойынша кеңес өтті. ҚР Денсаулық сақтау министрі ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаментіне РОӘК ОӘБ, ЖОО-мен бірлесіп жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медициналық кадрларды даярлаудың жаңа моделін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) әзірлеуді тапсырды. (№11-1-11 / 13998-және 17.11.2025).

<https://www.salemoffice.kz/edm/external/incoming/details?id=822236&outgoingId=829993>

ҚР ДСМ ОӘБ ғылым және адами ресурстар департаментінің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 26 қарашада РОӘК ОӘБ үшінші отырысында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медициналық кадрларды даярлаудың жаңа моделін іске асыру жөніндегі әзірленген іс-шаралар жоспары талқыланды, онда қысқа мерзімді іс-шаралар медициналық білім беру саласындағы ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына 3-қосымша «Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № ҚР ДСМ-6 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқу құнын қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығы «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медициналық кадрларды даярлау қағидаларын бекіту туралы».

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медицина кадрларын даярлаудың жаңа моделін іске асыру жөніндегі іс - шаралар жоспарына интернатура, магистратура және резидентура бағыттары бойынша ұзақ мерзімді іс-шаралар, сондай-ақ Денсаулық сақтау кадрлар даярлау бағыты бойынша жаңа кәсіптер Атласын әзірлеу және өзектендіру шаралары кірді.

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/a03/a03265fba1fd52260e5e85409d25e295.pdf>

<https://amu.edu.kz/upload/iblock/32f/32f1679ef4a0d23d434e6a4ce70ded9c.pdf>

Шешім хаты жетекшілік ететін ҚР ДСМ ҒАРД -не жіберілді.

<https://www.salemoffice.kz/edm/external/incoming/execution?id=822236&outgoingId=829993>

Комитеттер, ЖБТ және РОӘК ОӘБ секцияларының мүшелері «Қоғамдық денсаулық сақтау» және «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» мамандықтары бойынша мамандар даярлаудың тұжырымдамалық тәсілдерін қайта қарау жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізілді. Жұмыс барысында еңбек нарығының заманауи талаптарын ескере отырып, «Қоғамдық денсаулық сақтау» және «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту бойынша ұсынымдар әзірленіп, енгізілді (ҚР ДСМ-нің 2026 жылғы 31 наурыздағы №159 бұйрығы, қосымшасымен бірге).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаментінің тапсырмасы бойынша комитеттердің, оқу-әдістемелік бірлестіктердің (ОӘБ) және РОӘК ОӘБ секцияларының мүшелері жалпы практика дәрігерлерін даярлаудың қолданыстағы жүйесін өзектендіру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізілді (ҚР ДСМ-нің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 261 бұйрығы, қосымшасымен бірге қоса беріледі).

Жұмыс тобы жалпы практика дәрігерлерін даярлау жүйесін жедел трансформациялау мәселелерін жан-жақты қарастырып, «Жалпы практика дәрігерлерін даярлау жүйесін жедел трансформациялау жөніндегі іс-қимыл жоспары» жобасына ұсыныстар әзірлеп ұсынды (2026 жылғы 1 маусымдағы № 11-1-11/6161-И шығыс хаты қоса беріледі).

2026 жылғы 16 маусымда Денсаулық сақтау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары Бағдат Сәкенқызы Имашева және фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша ЖБТ төрайымы Айгүл Ғаффарқызы Ибрагимова Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті ұйымдастырған кеңеске онлайн форматта қатысты. Сондай-ақ кеңеске Назарбаев Университетінің және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы РОӘК ОӘБ өкілдері қатысты. Кеңесте Назарбаев Университетінің

Медицина мектебінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары – «Молекулалық медицина саласындағы магистр» және «Фармакология және токсикология саласындағы магистр» білім беру бағдарламаларының сипаттамалары қарастырылды. Талқылау нәтижесінде аталған бағдарламалардың пәнаралық ғылыми-зерттеу сипатына ие екендігі және медициналық мамандықтарға жатпайтындығы туралы шешім қабылданды.

6) Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу

Алдыңғы қатарлы әлемдік университеттердің акселерациясын пайдалану шеңберінде адам және ғылым өміріндегі инновациялық технологиялар мен жасанды интеллектті дамытуға қатыса отырып, денсаулық сақтауды қоса алғанда Астана медицина университеті Astana IT University базасында 2025-2026 оқу жылында 6B06801 «Денсаулық сақтаудағы үлкен деректер» бірлескен білім беру бағдарламасын, «Машиналық оқыту алгоритмдері» пәнін іске асырады.

